

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ӨЗБЕК-ҚАЗАҚ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Қайрат Мамбеталиев

ТОШМПИ “Бастауыш білім беру теориясы кафедрасы”ның оқытушысы

АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада өзбек-қазақ әдеби байланыстарының даму жолдарын үйрену арқылы екі ел ортасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға қызмет ететін жетекші идеялар берілді.

Кіліт сөздер: лирика, шығарма, әдебиет, өнер, ғылым, мәдениет, фольклор, миф, эпсана, хикаят, ертегілер, қаһармандық эпостар, лингвистика.

ABSTRACT

This article presents advanced ideas that will serve to strengthen friendly relations between the two countries by studying the development of Uzbek-Kazakh literary ties.

Keywords: lyrics, works, literature, art, science, culture, folklore, myths, legends, stories, fairy tales, heroic epics, linguistics.

КІРІСПЕ

Әдеби байланыс түрлі халықтар мәдениетінің жақындасуына, рухани қарым-қатынасының өркендеуіне үлкен үлес қосады. Бұл жайында атақты шығыстанушы ғалым, академик Н.И.Конрад «Запад и Восток» атты еңбегінде: «Ұлттық әдебиеттің өркен жаюы мен даму факторларының бірі – өзге халықтардың әдебиетімен өзара қарым-қатынаста, байланыста болуы. Кез келген әдебиетте екі компоненттің болатыны белгілі. Бірі – сол елдің өзінде дүниеге келген төл туындылар, екіншісі – басқа елдерден енген кірме шығармалар. Осындай дүниелердің негізінде әдеби байланыстың рөлі ерекше көрінеді. Мұны қандай да бір әдеби шығармалардың түпнұсқасымен тікелей танысып, сол туындымен ұлт әдебиетінің тілінде оқу негізінде және олардың аудармалары арқылы қанығуынан немесе бір халық жазушысының шығармаларының мазмұны мен мотивтерін басқа елдің жазушысының өзінше қабылдауынан пайымдауға болады. Осындай факторлардың себебінен бір елдің әдеби дүниесі екінші бір елдің меншігіне айналады», – деп келтіреді.

ӘДІСТЕМЕЛІК

Академик Н.И.Конрад сөзін жалғастыра келе былай дейді: «Жалпы мағынасында алып қарағанда әдеби байланыстар бір әдебиеттің екінші әдебиеттің әлеміне кірігуі болып табылады. Мұндай кірігудің пішіні әр қилы. XIX ғасырдың екінші жартысынан бері әдеби байланыстар жалпыәлемдік ауқымға ауысты да, әр халықтың әдебиетіндегі өзіндік белгіге, сонымен бірге әлемдік әдебиеттің өзіндік фактісіне де айналды».

Өзбек- қазақ әдебиеттері байланысы XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың бастарында әбден кемелдене түсті деуге болады. Ол кезде Ташкент бүкіл Орта Азия халықтарының кіндік қаласы, ірі ғылым мен рухани, мәдениет орталығына айналды. Ташкентте 1870-жылдары қазақ тілінде «Түркістан уалаяты» газетінің шығып тұруының өзі көп нәрсені аңғартса керек. Өзбек халқының демократ-ағартушы ақыны, жазушысы Фуркат өмірінің соңғы жылдарын қазақ жерінде (Жаркентте) өткізеді. XX ғасыр басында қазақ оқығандары, ақын-жазушылары Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, М.Әуезов, М.Жұмабаев т.б. Ташкентте жасап, творчестволық қызметтерін осында дамытқан. Ташкент қаласында қазақ тілінде ақын-жазушылардың көптеген кітаптары басылып, шығып тұрған». «Шолпан» журналы Ташкентте шығып тұрған да, онда қазақ әдебиетінің аса таланты өкілдерінен Мағжанның, Жүсіпбек Аймауытовтың, Мұхтар Әуезовтың туындылары жарық көрген. Өзбек әдебиетінің аса көрнекті өкілдері А.Қадыри, Фитрат, Шолпандар қазақ жазушыларымен, әсіресе А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Әуезовтармен достық қарым-қатынаста, шығармашылық байланыста болған. Әдебиеттер байланысы екі халық ақын-жазушыларының өзара достық, творчестволық қатынаста болуынан да айқын байқалады. Бұл ретте Сәбит Мұқанов пен Ф.Фұлам, М.Әуезов пен Айбек, А.Қаххар мен Ғабит Мүсірепов, Миртемір мен Әбділдә Тәжібаев, Еркін Вахидов пен Олжас Сүлейменовтердің қарым-қатынасын үлгі етуге болады.

XIX ғасырдың екінші жартысында жасап, шығармашылықпен айналысқан дарынды жазушылардың бірі – Фуркат. Фуркат туындалыран оқи отырсақ, қазақтың ақын-жазушылары Махамбет, Алтынсарин, Байтұрсыновтардың шығармашылығына жақын екендігін көріуімізге болады.

ТАЛҚЫУ ЖӘНЕ НӘТИЖЕЛЕР

Ақын «Қапастағы құсыңды босат, саятшы» деп аталатын туындысында еріксіздікке наразылық, бостандыққа талпыну, адамның рухын көтеруге өлең жолдары кездеседі. Өлеңде үш көркем образ - аңшы, тұтқын және ақын бейнесі бар. Саят-аңшы-зорлық белгісі, әділетсіздік нышаны, тұтқын құс зары мен ақынның тағдыры бір-біріне сәйкес. Фурқат құстың тұзаққа түсуі оқиғасы арқылы тұтқын адамның тағдыры туралы сыр шертеді. Көбінесе қасіреті туралы айтады.

Құсыңды босатып жібер саятшы, ол да мендей екен,

Ол да мойнынан ілінген мендей бишара екен.

Өз жерін таба алмай мендей болып қаңғып жүр екен,

Ықпалы кеміс, бақыты да қара екен мендей.

Бұл құс та Фурқаттай үнемі өз мекенін таба алмай жүрген мүсәпір екен, бақыты жанбаған, жолы болмаған, азаптан жүрегі жара, бауыры тілкім-тілкім болған екен.

Ақын құсты азат етуді аңшыдан сұрайды, одан мейірім-шапағат тілейді. Біз бұл арада ХІХ ғасырдағы қазақ ақыны Махамбеттің «Қызғыш құс» атты лирикасын еріксіз еске аламыз. Махамбетте де қызғыш құс еріксіз, басында билігі жоқ, лашынның тепкісіне шыдай алмай, көз жасын көлдетіп, еріксіз өз туған мекенінен айырылған шарасыз жан.

Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,

Қанатың қатты мойның бос.

Исатайдан айырылып,

Жалғыздықпен болдым дос.

Сені көлден айырған,

Лашын құстың тепкіні.

Мені елден айырған,

Хан Жәңгірдің екпіні, - деген жолдардан өзбек ақыны Фурхат пен Махамбеттің тағдырында болған ұқсастықты байқау қиын емес. Олар тек қана жалынумен шектелмей, әділетсіздікке қарсы бой көрсетеді.

Фурхат шығармашылығы Ыбырай Алтынсарин шығармашылығымен көбіне үндесіп, сабақтасып отырады. Бұл олардың заманы бір болғандығынан ғана емес, көзқарастарында да ортақтық сипаттардың бар екендігінен болса керек. Өз кезінде Ыбырай Алтынсарин де халқына өнер-білімнің және мәдениеттің артықшылығын насихаттап, өнері тасған елдердің қатарына

қосылуға үндейді. Ақынның «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңіндегі идеялық мазмұн Фурхат шығармаларында да жүйелі түрде айтылып, насихатталып отырған.

XX ғасыр басындағы өзбек әдебиетінің жарқын жұлдыздарының бірі – Фитрат. Фитрат өзбек әдебиетінің, ғылымы мен мәдениетінің ірі өкілі, энциклопедиялық білімге ие болған көрнекті ақын, ірі жазушы.

Фитрат 1923-жылы Мәскеуде “Шығыс тілдері институтында” ғылымы қызметкер болып істейді, оған профессор атағы берілген. Осы жылдары қазақ халқының көрнекті ақыны, аудармашы, журналист, тілші және әдебиетші ғалым Ахмет Байтұрсынов та болады. Бұл кезде Мәскеу қаласында қазақтың да, өзбектің де көптеген зиялылары оқығаны, еңбек еткені тарихтан мәлім. Белгілі қоғам қайраткері Нәзір Төреқұлов, ақын Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатовтар да осы жерде болып, жұмыла еңбек еткен. А.Байтұрсыновтың “23 жоқтау”, “Ер Сайын” кітаптары Мәскеудегі Күншығыс баспасында басылып шығады. Фитрат А.Байтұрсыновпен, өзге де қазақ зиялыларымен жақсы творчестволық байланыста болған деуге толық негіз бар. Қазақ халқының ақыны, тілші, әдебиетші ғылымы Ахмет Байтұрсынов тағдыры да, Фитрат тағдырына ұқсас. А.Байтұрсынов 20-жылдарда Ташкентте жасаған кезінде Фитратпен достық әрі творчестовалық қатынаста болғандығы мәлім. Екі ғалымның да өз халықтарының әдебиеті мен тіл білімі үшін ұшан-теңіз еңбек еткенін, тұңғыш әдебиет теориясы мен грамматика туралы еңбектер жазып, өзбек, қазақ халықтарының әдебиеттану, лингвистика ғылымының алғашқы бастаушылары болғандығын бүгінгі ұрпақтары мақтан етеді.

Шолпан XX ғасыр өзбек поэзиясының ең ірі өкілі. Ол өзінің поэзия, проза, драмалық және өткір публицистикалық шығармалары арқылы өзбек әдебиеті мен мәдениетіне үлкен үлес қосты. Шолпан әдебиетте прозалық туындылары арқылы кіріп келсе де, бірақ ақын ретінде танылды. Шолпан қашанда халық жағында болған. Өз өлеңдерінде халықтың мұңын мұқтап, жоғын жоқтаған халықшыл ақын. Дегенімен сол тұста орнаған өкімет Шолпанның халық ішіне кіруіне, оның ақиқатты айтуына жол қоймайды. Ақ патша мен большевиктер зұлымы астындағы Бұхара әлі саналы күрескер, өздігін танитын дәрежеге көтерілмеген еді.

Қалтылдаған – шырақтан да әлсізсің,
Жел қаттырақ келіп соқса өшерсің.

Бұл өлең жолардын оқи отырып, еріксіз түрде А. Байтұрсыновтың “Қазақ қалпы” өлеңі есімізге түседі.

Ақын:

Қалтылдақ қайық мініп еспесі жоқ,

Теңізде жүрміз қалқып кешпесі жоқ, - деп, халықтың өздігін тани алмай бейшаралық халде күн кешіріп отырғанын шеберлікпен суреттеген болатын.

Шолпан өлеңдерінің тақырыбы сан-алуан. Ақынның махаббат лирикасында қалам тебіреткен өлеңдері бір төбе. Оның махаббат лирикасына арнап жазған өлеңдерінің ішінде “Гөзал” атты туындысы ерекше.

Ақын лирикалық кейіпкердің бар болмысын өзіне тартып алған сұлудың көркін Ай, Күн, Жұлдыз, Таң самалы т.б. негізінде бейнелеп былайша суреттейді:

Мен не үшін – оны-сүйдім мен.

Ол үшін өртендім, жандым, күйдім мен,

Басымды бәлеге беріп күйдім мен,

Мен сүйіп, мен сүйіп-кімді сүйдім мен?

Өлең жолдарын оқығанымызда лирик кейіпкер өзінің сүйген жарынан безіп кете алмайды. Бұл ойымызды мына өлең жолдары дәлелдеп тұрған сияқты.

Мен сүйген сүйіктім –соншалық гөззал,

Айдан да көркем ол, күннен де гөззал,

Бұл өлеңдегі махаббат сезіміне - тән жақындығынан, мәселен, сүйісуден, не жалаң құмарлықтан тұрмайды. Бұл лирикалық қаһарманның жан дүниесінен хабар береді. Оның махаббаты тәуелді емес, сондықтан да ол ұлы.

Осы арада қазақ ақыны Мағжан Жұмабаевтың “Сүй, Жан сәулем, тағы да сүй тағы да” атты өлеңі еріксіз ойға оралады. Екі ақынның да лирикалық кейіпкері берік махаббаттың, шынайы сүйіспеншіліктің адамдары.

Мағжанда:

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй тағы да,

Жылы, тәтті у тарады қаныма.

Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін,

Патша тағы, бүкіл дүние малына, - дейді.

Шолпан мен Мағжанның үндестігі әсіресе лирикалық туындыларда айқын көрінеді. “Жұлдызды жүзік, Айды алқа қып берейін” деген лирикасында Мағжан Жұмабаев: “Күлші, жаным күн жүзінді көрейін, Сүйші жаным

құшағында өлейін”, - деген жолдармен махаббаттың тылсым күшін, еріксіз құдіретін берсе, Шолпанның лирикалық өлеңдерінде шаш образы үлкен мағынаға ие, шаш Шолпанның бейнелеуінде тек сұлулық белгісі емес “шаштарына байландым, сезімімді орап тастады”, “тарқалған шашыңдай тарқалса сырың, анардай бетіңді кімге тосарсың” - дейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында өзбек-қазақ әдеби байланыстары кемелдене түскенін көруімізге болады. Бұл тұста өзбек әдебиетінде ірі өкілдері Фурхат, Фитрат, Шолпан т.б. туындылары өзбек оқырмандарымен бір қатарда, қазақ әдебиетсүйер қауымын да тәнті етті. Олардың достық қарым-қатынасы тек қана көркем әдебиетте ғана емес, өмірде де шынайы көрініс тапқандығының куәсі боламыз. Аты аталған өзбек ақын-жазушыларының саяси көзқарастары мен дүниетанымы, сондай-ақ көркем әдебиеттегі үйлесімділігі мен үндестігі қазақтың ақын-жазушылары Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев т.б. жақын екендігін көруімізге болады.

REFERENCES

1. Аралбаев Қ. Әдеби байланыс (Өзбек-қазақ әдебиеті). – Нөкіс, 2011. – 76 б.
2. Әділханова С.Ж. XX ғ. 60-90 жылдар әдебиеттану ғылымы: С. Сейітов зерттеулері. – Алматы: 2014. – 62-б.
3. Үсенов С., Абдувалитов Е., Қыдыров Б. Башаров Қ. Ұлылар тағлымы. – Ташкент: “Мухаррир”. 2020. – 6-7-б.
4. Абдрахманов С. Аударматанудың теориялық проблемалары // ҚазҰУ хабаршысы филология сериясы. 2007.- № 9.- 6-10 бет.
5. Өзбекстандағы қазақ ақындарының өлеңдер жинағы. Құраст: Марат Үкібаев. – Аламты: “Атажұрт”, 2014. – 168 б.